"АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ" МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ" КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
2024 ж. 29 наурыз
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 980140000107
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2019 ж. 22 қазан

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2024 жылғы «13» наурыздағы
№ 60 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2018 жылғы «12» қазандағы
№ 291 қаулысымен бекітілді

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі
облыстық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қаласы 2024 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі облыстық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 495 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

5. Кәсіпорынның атауы:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі облыстық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области».

Кәсіпорынның қысқартылған атауы:

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі ОО» ШЖҚ КМК;

КГП на ПХВ «ОЦ по профилактике ВИЧ-инфекции» КГУ «УЗ акимата СКО».

6. Кәсіпорынның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 150000, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2-нші Кирпичная көшесі, 6/1-құрылыс.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөртабандары және мөрі болады.

9. Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын

актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі орталықтардың мақсаты профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін жүргізу, АИТВ инфекциясын диагностикалау және емдеу болып табылады.

11. Кәсіпорын қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық, ведомствоаралық өзара іс-қимыл, өңірдегі бірлескен қызмет жоспарларын әзірлейді;

ведомствоаралық кеңестерде қарау үшін АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша материалдар дайындауға қатысады; облыстың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына АИТВ инфекциясы саласындағы дамудың негізгі стратегиялық бағыттары бойынша ұсыныстар, Республикалық мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымына (бұдан әрі – РМДСҰ) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 7-бабы 32) тармақшасына сәйкес әзірленетін нормативтік құқықтық актілерге, әдістемелік ұсынымдарға, есепке алу-есеп беру нысандарына, клиникалық хаттамаларға, стандарттарға ұсыныстар енгізеді;

өңірде іске асырылатын іс-шаралардың тиімділігіне мониторинг және бағалау жүргізеді;

«Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелді) және «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелді) сәйкес, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, есепке алуды және есептілікті қамтамасыз етеді;

денсаулық сақтау ұйымдарында және АИТВ инфекциясын экспресс тестілеуді пайдаланатын үкіметтік емес ұйымдарда жылына бір рет АИТВ инфекциясын жедел тестілеудің сапасына сыртқы бақылау жүргізеді (жылына кемінде 50 қызмет);

халық арасында, оның ішінде халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуына эпидемиологиялық бақылау жүргізеді;

үкіметтік емес ұйымдар арқылы мемлекеттік әлеуметтік гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орналастырады және іске асырады;

АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілуінің алдын алады;

АИТВ инфекциясының халық арасында, оның ішінде инъекциялық есірткі қолданатындар (бұдан әрі – ИЕҚ), ер адамдармен жыныстық қатынасқа түсетін ер адамдар (бұдан әрі – ЕМЕ), секс жұмыскерлері (бұдан әрі – СЖ) арасында таралуын эпидемиологиялық бақылауды АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымдар жүргізеді («АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-137/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21467 болып тіркелді, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 99-бабы 2-тармағына сәйкес);

жанасуға дейінгі және жанасудан кейінгі профилактиканы ұсынады;

сенім пункттері мен достық кабинеттерінде халықтың негізгі топтарына профилактикалық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетеді;

халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ақпараттандыруды жүзеге асырады;

халықты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде «АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-204/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21682 болып тіркелді) және «АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21692 болып тіркелді) сәйкес АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша тексеріп, кеңес береді;

медицина қызметкерлерін АИТВ инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша оқытуды жүргізеді;

АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық көмек көрсету мақсатында бастапқы медициналық-санитариялық көмектің медициналық ұйымдарымен, меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, қауымдастықтармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

АИТВ инфекциясы жағдайларын эпидемиологиялық тексеру, анықталған байланыста болған адамдарды тексерудің мониторингі, эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін жүргізеді;

тұрғындар арасында АИТВ инфекциясымен аурудың және оның таралуының мониторингін, өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға талдау жүргізеді; медициналық ақпараттық жүйелерге деректерді енгізуді жүргізеді және енгізілген деректердің толықтығы мен сапасын қамтамасыз етеді;

нәтижелерге талдау жасай отырып, халықтың негізгі топтарында АИТВ инфекциясының таралуына эпидемиологиялық бақылау жүргізіледі;

халықтың негізгі топтарының санын бағалауды жүргізеді;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының алқа отырыстарында АИТВ инфекциясы бойынша ақпарат дайындауды қамтамасыз етеді;

АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша өңірлік, республикалық және халықаралық конференциялар өткізеді және оларға қатысады;

сапа менеджменті жүйесінің іс-шараларын, сарысудың оң үлгілерін архивтеуді жүзеге асырады;

ТМККК шеңберінде АИТВ инфекциясының және АИТВ-мен байланысты аурулардың диагностикасын, емдеу тиімділігінің зертханалық мониторингін және зертханалық зерттеулерді жүргізеді;

АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға ТМККК шеңберінде медициналық көмекті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

ТМККК шеңберінде қолданыстағы клиникалық хаттамаларға сәйкес АИТВ-инфекциясы бар науқастарды динамикалық бақылауды ұйымдастырады;

ТМККК шеңберінде көрсетілімдері болса, жанасуға дейінгі және кейінгі антиретровирустық профилактикаға халықтың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

ТМККК шеңберінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек және босандыру ұйымдарымен бірлесіп АИТВ инфекциясының анадан балаға берілу қаупін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады;

ТМККК шеңберінде АИТВ инфекциясын емдеу және алдын алу үшін антиретровирустық препараттарды ұсынуды қамтамасыз етеді, антиретровирустық емдеудің бейілділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізеді;

медициналық қызметтердің сапасына ішкі бағалау жүргізеді және пациенттерді қолдау қызметінің жұмысын қамтамасыз етеді;

АИТВ инфекциясының жанасудан кейінгі және шұғыл профилактикасын жүргізу үшін медициналық ұйымдарда антиретровирустық препараттардың болуының мониторингін жүзеге асырады;

АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға, халықтың негізгі топтарына психоәлеуметтік, заңгерлік және медициналық кеңес беруді қамтамасыз етеді.

12. Кәсіпорын осы жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

13. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Басшының Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

15. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды.

16. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) қызметтің басым бағыттарын және Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсететін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануды және сақтауды бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

17. Кәсіпорынның басшысы (директоры) оның атқарушы органы болып табылады.

18. Басшыны (директорды) тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен (директорымен) еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, Кәсіпорын басшысының (директорының) бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

20. Кәсіпорынның басшысы (директоры) Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

21. Кәсіпорынның басшысы (директоры) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады, сонымен қатар ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

22. Кәсіпорынның басшысы (директоры) дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Кәсіпорынның басшысы (директоры):

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілінген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен өзгеше көзделмесе, оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде еңбекке ақы төлеу нысанын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді.

5. Кәсіпорынның құқығы мен міндеттері

24. Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру үшін мыналарға құқылы:

мүлік (ғимарат, үймерет, жабдық және Кәсіпорынның басқа да негізгі қоры) мәмілесінен алынатын ақшалай қаражатты пайдалануға;

оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген, негізгі қорға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес иелік етуге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне жатпайтын ақылы медициналық қызметтер көрсетуге;

Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерде қызметі заңнамамен регламенттелетін шарттар (келісімшарттар) жасауға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған кез келген шаруашылық қызмет түрін жүргізуге;

Кәсіпорынның мемлекеттік тапсырыстан тыс өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын өздігінен белгілеуге.

25. Кәсіпорын мыналарға міндетті:

осы жарғының шарттарын сақтауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің қызметін жүзеге асыруға;

салық заңнамасына сәйкес салықты және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуге;

өз қызметі нәтижелерінің жедел бухгалтерлік есебін жүзеге асыруға және статистикалық есептілікті жүргізуге;

оған бекітілген мүлікті сақтау бойынша шаралар қабылдауға;

коммерциялық және мемлекеттік құпияны сақтауға;

жалданып жұмыс істейтін азаматтарға әлеуметтік, медициналық және өзге де сақтандыру түрлерін жүзеге асыруға, оларға қолданыстағы Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге.

6. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша Кәсіпорын органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

Жұмыс істеп жатқан шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға байқау кеңесін енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

27. Байқау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын критерийлер «Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 114 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10507 болып тіркелді) бекітілді.

28. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық

іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10503 болып тіркелді) бекітіледі.

29. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібі «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10499 болып тіркелді) айқындалады.

30. Байқау кеңесінің өкілеттігі:

1) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізді бойынша қорытынды береді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келіседі;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табысты бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарымен кедергісіз танысады және тиісті саланың уәкілетті органына көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін ұсыныс енгізеді;

5) тиісті саланың уәкілетті органының Кәсіпорын басшысын (бас дәрігерді) тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселесі жөніндегі ұсынысын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының (бас дәрігерінің), оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттілік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

7. Кәсіпорынның мүлкі

31. Кәсіпорынның мүлкі мемлекеттік меншік құқындағы объект болып табылады.

32. Кәсіпорынның мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай-ақ Кәсіпорынның жеке теңгерімінде құны көрсетілген құндылықтар құрайды.

33. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

34. Кәсіпорынның мүлкі:

оған құрылтайшы берген мүліктің;

өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

35. Кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген, негізгі қаражатқа жатқызылатын мүлікті беруге және оған қатысты мәміле жасауға құқығы жоқ.

36. Кәсіпорын мүлкінің құрамына ғимараттар, үймерет, жабдықтар, мүкәммал, көлік, жер учаскесіне құқықты қоса алғанда, оның қызметіне арналған мүліктің барлық түрі кіреді.

37. Мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

38. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз етуге қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік болуы мүмкін.

39. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

41. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

42. Кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

43. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және

меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы жарғының 45, 46-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

44. Осы жарғының 42-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша заңды түрде алып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар жатқызылады:

шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою.

45. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

46. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін күтіп-ұстауды және сақталуды қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

47. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

48. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе жергілікті атқарушы орган өзгеше белгілемесе, мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

49. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

50. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

51. Кәсіпорын медициналық қызметтерді дербес жүзеге асырады.

52. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған

шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің шығынсыздығын және өзінің табысы есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 196-бабына сәйкес ұсынылады.

Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырысты орындау есебінен өндірілген және өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары тиісті саланың уәкілетті органының талабын ескеріп белгіленеді.

Мемлекеттік тапсырыстан асыра өндірілген және өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын Кәсіпорын дербес белгілейді.

53. Ақылы медициналық қызметтер қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады.

Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

55. Кәсіпорынның жарғылық капиталы 175 129 225 (жүз жетпіс бес миллион жүз жиырма тоғыз мың екі жүз жиырма бес) теңгені құрайды және Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу сәтінде жергілікті атқарушы орган 100% толық қалыптастырды.

56. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

57. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

58. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

59. Кәсіпорын байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының (директордың), жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

11. Кәсіпорынның жауапкершілігі

60. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

61. Кәсіпорын өз мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

62. Құрылтайшы немесе уәкілетті органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды есепке алмағанда, мемлекет Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет кредиторлар талаптарын қанағаттандыру үшін соңғының қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

63. Заңнамалық актілермен Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша мемлекеттің басқа да жауапкершілік жағдайлары белгіленуі мүмкін.

12. Кәсіпорынның еңбек ұжымымен, тиісті саланың уәкілетті органымен және жергілікті атқарушы органмен өзара қатынасы

64. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

65. Жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен көзделген кепілдіктерді есепке ала отыра, Кәсіпорынның басшысы белгілейді.

66. Кәсіпорын мен тиісті саланың уәкілетті органы, Кәсіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

67. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

67. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

68. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

69. Кәсіпорын басшысының (директорының), оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

70. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жасалады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

71. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

72. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

73. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы органның қаулысымен енгізіледі.

Директордың м.а. **Р.М. Улмесеков**

Приложение
к постановлению акимата
Северо-Казахстанской области
от «13» марта 2024 года № 60

Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от «12» октября 2018 года № 291

УСТАВ
коммунального государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения
«Областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции»
коммунального государственного учреждения
«Управление здравоохранения акимата
Северо-Казахстанской области»

город Петропавловск 2024 год

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Северо-Казахстанской области от 22 декабря 2016 года № 495.

3. Учредителем Предприятия является акимат Северо-Казахстанской области.

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является коммунальное государственное учреждение «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

5. Наименование Предприятия:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі облыстық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области».

Сокращенное наименование Предприятия:

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі ОО» ШЖҚ КМК.

КГП на ПХВ «ОЦ по профилактике ВИЧ-инфекции» КГУ «УЗ акимата СКО».

6. Местонахождение Предприятия:

Республика Казахстан, 150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица 2-я Кирпичная, строение 6/1.

2. Юридический статус Предприятия

